

Мұғалжар ауданы Құмсай ауылдық округі Құмсай, Жамбыл, Шилі, Терісбұтақ ауылдарының атаусыз көшелеріне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Құмсай ауылдық округінің әкімінің 2012 жылғы 18 маусымдағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 шілдеде № 3-9-172 тіркелді

Ескерту. Шешімнің орыс тілдегі деректемелерінде, тақырыбында және бүкіл мәтіні бойынша "аулов", "аульного", "ауле" сөздері "сел", "сельского", "селе" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Құмсай ауылдық округінің әкімінің 26.11.2014 № 9 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.05.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 Заңының 14 бабының 4 тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына және Құмсай, Жамбыл, Шилі, Терісбұтақ ауылдары халқының пікірін ескере отырып Құмсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

1) Құмсай, Жамбыл, Шилі, Терісбұтақ ауылдарының көшелеріне келесідей атаулар берілсін.

Құмсай ауылында:

- № 1 көшеге - Мария Барбусинова;
- № 2 көшеге - Нұралы Қаниев;
- № 3 көшеге - Интернациональная;
- № 4 көшеге - Серғазы Байжанов;
- № 5 көшеге - Кооперативная;
- № 6 көшеге - Ахмет Жұбанов;
- № 7 көшеге - Меруерт Жанболатова;
- № 8 көшеге - Құлшары Мырзабаев.

Жамбыл ауылында:

- № 1 көшеге - Жамбыл.

Шилі ауылында:

- № 1 көшеге - Бірлік.

Терісбұтақ ауылында:

- № 1 көшеге - Достық.

2) Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3) Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейінгі күнтізбелік он күн өткен соң қолданыға енгізіледі.

Құмсай ауылдық округінің әкімі

І.І. Телегенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК